

**<sup>1</sup>Төлебаева Қ.Т., <sup>2</sup>Тлеужанова А.М.**

**Alikhan Bokeikhan University**

**Қазақстан, Семей**

**e-mail: <sup>1</sup>[tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru), <sup>2</sup>[aismur1988ais@gmail.com](mailto:aismur1988ais@gmail.com)**

## **ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ТРИКСТЕР» АРХЕТИПІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада әлем және қазақ әдебиетіндегі трикстер архетипі зерттеледі. Бұл архетип феномені әлі күнге дейін әдебиеттану ғылымында өзекті болып отыр. Трикстер архетипінің мағынасы, түрлері, әдебиеттегі көрінісі сөз болады. Трикстердің кім екендігі, оның негізгі сипаттамалары анықталады. Зерттеу жүргізу барысында трикстердің теориялық аспектілерін зерделеуде шетел және қазақ архетип зерттеуші ғалымдарының К. Юнг, П. Радин, Д. Гаврилов, С. Қондыбай, А. Тайшанұлы, А. Қалиева т.б. пікірлері басшылыққа алынды.

Архетиптік теория әдебиеттануда маңызды рөл атқарады, себебі ол шығармалардың құрылымдық негізін, символдық мәнін және жалпы адамзаттық танымдағы қайталанатын бейнелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Әдеби шығармаларда архетиптер сюжеттік желіні, кейіпкерлердің мінез-құлқын және мәтіндік символизмді қалыптастырады. Бұл теория әдебиеттің тарихи сабақтастығы мен мәдени байланыстарын анықтауға да ықпал етеді.

Трикстер архетип ретінде ең маңызды бейнелердің бірі болып табылады. Барлық халықтардың фольклорында, әдебиетінде бар және мәдениеттің барлық кезеңдеріне қатысып, ұжымдық сипат береді. Трикстер дегеніміз («trickster» ағылшын сөзі айлакер, құйтырқы т.б.) – мағынасында қолданылады.

Қоғамға, жалпыға ортақ заңға қарама-қарсы келетін іс-әрекеттер жасайтын, мифологиядағы, фольклордағы және көркем әдебиеттегі бейне немесе антропоморфты жануарлар. Трикстер көркем шығармаларда басты кейіпкердің жанындағы жанама кейіпкер де болып табылады. Сондықтан зерттеуге өзек болған трикстер тек өткеннің ғана емес қазіргі мәдени құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді зерттеуге көмектеседі.

**Тірек сөздер:** архетип, трикстер, бейне, фольклор, көркем әдебиет.

**<sup>1</sup>Төлебаева Қ.Т., <sup>2</sup>Тлеужанова А.М.**

**Alikhan Bokeikhan University**

**Қазақстан, Семей**

**e-mail: <sup>1</sup>[tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru), <sup>2</sup>[aismur1988ais@gmail.com](mailto:aismur1988ais@gmail.com)**

## **ИССЛЕДОВАНИЕ АРХЕТИПА «ТРИКСТЕР» В МИРОВОЙ И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ**

**Аннотация.** В данной статье исследуется архетип трикстера в мировой и казахской литературе. Этот феномен по-прежнему остается актуальным в литературоведении. Рассматриваются значение архетипа трикстера, его виды и проявления в литературе. Определяются сущность трикстера и его основные характеристики. В ходе исследования при изучении теоретических аспектов трикстера были использованы труды зарубежных и казахских ученых, изучающих архетипы, таких как К. Юнг, П. Радин, Д. Гаврилов, С. Кондыбай, А. Тайшанұлы, А. Калиева и других. Архетипическая теория играет важную роль в литературоведении, так как она позволяет исследовать структурные основы произведений, их символическое значение и повторяющиеся образы в коллективном сознании человечества. В художественных произведениях архетипы формируют сюжетную линию, характеры персонажей и текстовый символизм. Эта теория также способствует выявлению исторической преемственности и культурных связей в литературе. Трикстер является одним из наиболее значимых архетипических образов. Он присутствует в фольклоре и литературе всех народов, участвует во всех этапах культурного развития и обладает коллективным характером. Само слово «trickster» в английском языке означает ловкач, плут, обманщик и т. д. Трикстер – это образ из мифологии, фольклора и художественной литературы, совершающий поступки, идущие вразрез с нормами общества и общепринятыми законами. Это может быть как человек, так и антропоморфное животное. В художественных произведениях трикстер может выступать как главным, так и второстепенным персонажем. Таким образом, трикстер интересен для исследования не только как явление прошлого, но и как инструмент изучения современных культурных ценностей и социальных проблем.

**Ключевые слова:** архетип, трикстер, образ, фольклор, художественная литература.

**<sup>1</sup>Tulebaeva K.T., <sup>2</sup>Tleuzhanova A.M.**

Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

e-mail: <sup>1</sup>[tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru), <sup>2</sup>[aismur1988ais@gmail.com](mailto:aismur1988ais@gmail.com)

## **STUDY OF THE «TRICKSTER» ARCHETYPE IN WORLD AND KAZAKH LITERATURE**

**Abstract.** This article examines the trickster archetype in world and Kazakh literature. This phenomenon remains relevant in literary studies. The significance of the trickster archetype, its types, and its manifestations in literature are explored. The essence of the trickster and its key characteristics are identified. In the course of the study, theoretical aspects of the trickster were analyzed using the works of both foreign and Kazakh scholars who study archetypes, such as C. G. Jung, P. Radin, D. Gavrilov, S. Kondybay, A. Taishanuly, A. Kaliyeva, and others. Archetypal theory plays an important role in literary studies as it allows for the examination of the structural foundations of literary works, their symbolic meanings, and recurring images in the collective human consciousness. In literary works, archetypes shape the storyline, character development, and textual symbolism. This theory also contributes to identifying historical continuity and cultural connections in literature. The trickster is one of the most significant archetypal figures. It appears in the folklore and literature of all nations, participates in all stages of cultural development, and possesses a collective character. The English word “trickster” means a deceiver, rogue, or trickster. A trickster is a figure from mythology, folklore, and fiction who engages in actions that contradict societal norms and established laws. This figure can be either a human or an anthropomorphic animal. In literary works, the trickster can act as both a main and a secondary character. Thus, the trickster is of interest for research not only as a historical phenomenon but also as a tool for studying modern cultural values and social issues.

**Keywords:** archetype, trickster, image, folklore, fiction.

Архетиптер сана дамуының тарихи көрінісін ұсыну мүмкіндігімен құнды. Олар әрбір мәдени кезеңде қалыптасқан бейненің мәніне үңілу арқылы бастапқы образдарға жол ашады. Ілкі бейнелерді зерттеу арқылы қазіргі өркениет деңгейіне жеткен адамның санасында қалыптасқан кез келген ұғымның кездейсоқ емес екенін дәлелдеуге болады. К.Г. Юнг архетиптерді бейсаналық деңгейде қиялды белсендіретін бастапқы формалар ретінде қарастырады. Юнгтің пікірінше, архетиптер адамның бейсаналық түйсігінде қалыптасып, түстерде, сандырақта, сондай-ақ өнер мен әдебиет туындыларында айқын көрініс табады. Ол бұл құбылысты әлем халықтарының мәдениеттерінде жиі қайталанатын символдар, сюжеттер мен бейнелердің ортақ сипаттарымен түсіндіреді. Швед зерттеушісі архетиптерді адамның қорқыныш, белгісіздік, тылсым күштермен күрес, ата-ана мен бала арасындағы өзара қарым-қатынас, сүйіспеншілік пен өшпенділік, өмір мен өлім секілді әмбебап тақырыптарға деген табиғи реакцияларының көрінісі деп сипаттайды.

1912 жылдан бастап «архетип» әдеби-сын талдауында қолданылатын негізгі ұғымдардың біріне айналды. К.Г. Юнг

өзінің «Либидоның метаморфозасы мен символы» атты еңбегінде алғаш рет «қаһарманның архетиптік сапары» мен «айдаһармен айқас» концепцияларын ұсынды. Оның бірнеше кезең арқылы ғылыми айналымға енгізген бұл термині бүгінде әлемдік әдебиеттануда кеңінен қолданылуда. Алайда, архетипті тәжірибеде қолдану көптеген қиындықтарды туындатты. Сонымен қатар, әдебиеттану мен мәдениеттану саласында жаңа мыңдаған ұғымдар пайда болды, олардың ішінде: мәдениеттің верлибризациясы және логоэдизациясы (В. Руднев); эпистемалар (М. Фуко); көркем шығарма – кодтар жиынтығы ретінде (Р. Барт); семиотикалық континуум (Ю. Лотман); мифоцентрлік әдебиет, психопэтика, интертекстуалды талдау, мифопэтика (В. Топоров және т.б.); бейнелік поэтика (А. Жолковский, А. Щеглов); әдеби жүйе – әлеуметтік-мәдени репродуктивті жүйенің құрамдас бөлігі (М. Комарова); әлеуметтік менталдық (А. Гуревич); ежелгі жалпыадамзаттық ойлау жүйесінің қабаттары (Н. Рубцов); психикалық модель (А. Большакова); өркениеттің еуропалық инварианты (А. Липатов); мифопэтикалық мәтін астарындағы мәтін (В. Тьюпа); әлем

моделінің архетипі (Г. Козубовская); діни дәйексөз және дәйексөздік архетип (Т. Цивьян, Л. Чурсина, М. Мейлах) және т.б. Бұл ұғымдар әдебиеттану мен мәдениеттану ғылымының дамуына ықпал етіп, архетиптік теорияның кеңеюіне жол ашты.

Архетип ұғымының енгізілуімен әдебиет тарихы көркем шығармаларға дейінгі кезеңдегі салт-дәстүр, миф, аңыз сияқты құрылымдардың ықпалын зерттейтін әдеби антропологияның бір бағытына айналды. Кейіннен «архетип» термині кез келген көркем туындының негізін құрайтын бастапқы үлгілер мен жалпы адамзаттық мифологиялық мотивтерді сипаттау үшін кеңінен қолданыла бастады.

Архетип – бұл адамзат тәжірибесінің жинақталған көрінісі, оған мінез-құлық үлгілері, көзқарастар, дәстүрлер, өмірлік қалыптар мен типтік жағдайлар жатады. Сонымен қатар, ол психикалық процестердің ықтимал бағыттары, туа біткен бейімділіктер, қиял мен елестетудің бастапқы формалары, идеялар мен шығармашылық ойлаудың түрлі көріністерін қамтитын психикалық өмірдің айнасы болып табылады.

Бұл дегеніміз, архетиптер тек психикалық процестермен шектелмей, физикалық, әлеуметтік, лингвистикалық, эстетикалық және рухани кеңістіктерде де көрініс табады. Олар ғасырлар бойы адамның санасы мен түйсігіне табиғаттың сыртқы бейнелері арқылы сіңіп, біздің психологиялық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Сонымен қатар, архетиптер – адам санасы мен ішкі жан дүниесінің ұзақ эволюциялық даму барысында қалыптастырған алғашқы бейнелері. Сол себепті архетиптер уақыттың өзгерістеріне қарамастан, өз мәнін сақтап қала бермек.

К.Г. Юнг «архетип» ұғымынан бөлек, психиканың іргелі әмбебап құрылымдары болып табылатын архетиптік паттерндерді анықтады. Архетиптік паттерннің бастапқы тілі – мифтердің символикалық тілі болып саналды және ол ғасырлар бойы еш өзгеріссіз сақталып келеді. Осыған сүйене отырып, Юнг архетиптік паттерндерді адам

өмірінің негізін қалаушы құрылым ретінде қарастыруға болады деген тұжырым жасады. Ол ноуменалді архетип пен феноменальды архетиптік бейнелердің айырмашылығына ерекше мән берді. Ең басты мифологиялық архетип немесе архетиптік мифологема ретінде Юнг келесілерді атап көрсетеді:

Ана – мәңгілік әрі өлмейтін бейсаналық қуаттың символы;

Сәби – ұжымдық бейсаналықтан жеке сананың оянуының көрінісі; Көлеңке – тұлғаның жасырын, бейсаналық жақтарын бейнелейтін архетип;

Анимус (анима) – адам бойындағы қарама-қарсы жыныстық бастау ретінде көрінетін бейсаналық элемент;

Данышпан қарт – өмірлік тәжірибенің жиынтығын, рухани кемелдік пен саналы және бейсаналық деңгейлердің үйлесімін бейнелейтін архетип.

Архетиптік образдар – түркі халықтарының мифінде, дінінде, әдебиетінде ұқсас болып келеді. Әрі қайталанып отыратын матифтер, образдер мен сюжеттер көп кездеседі. Мысалы: «құтқарушы», «батыр», «көлеңке», «ана», «қарт данагөй», «айлакер» («трикстер») сияқты образдар мен мотивтерді түрлі әдеби шығармаларда жиі кездестіруге болады. Архетиптік образдар «батыр», «көлеңке», «ана», «қарт данагөй», «айлакер» («трикстер») сияқты тұрақты символдар жатады. Олар адамдардың мінез-құлқын, эмоцияларын және өміріндегі жағдайларды символикалық деңгейде бейнелейді. Бұл символдар адамның психологиялық және рухани жағдайын көрсету үшін қолданады.

«Ана архетипі қамқорлық пен мейірімділіктің бейнесі ретінде, батыр архетипі мақсатқа жету жолында кедергілерді жеңетін тұлға ретінде көрінеді. Көлеңке архетипі адамның бейсанасындағы теріс қасиеттерін бейнелесе, данагөй өмірлік тәжірибесі мен даналығымен ерекшеленеді. Трикстер архетипі ережелерді бұзып, шекараларды талқандайтын бейне ретінде суреттеледі» [1, 34]. Бұл әмбебап символдар, образдар мен мативтер мифологияда, әдебиетте, мәдениетте және фольклорда жиі қайталанады. Олар белгілі

бір бейнелер арқылы адам психологиясының терең қабаттарын бейнелейді.

Біз фольклорлық мұралар мен көркем шығармаларды оқу арқылы ләззат аламыз, жақсы кейіпкерлердің бейнесі арқылы қуанамыз және зұлым кейіпкерлердің іс-әрекеті үшін ашуланамыз. Шығармалар арқылы айналада болып жатқан оқиғаларды танымыз, адамдардың жақсы, жаман екенін, әлемнің ақ пен қарасын түсінеміз. Содан кейін біз көркем шығармадағы басты және жанама кейіпкерлердің бейнесі арқылы жақсылық пен жамандықты түсінеміз.

Көркем шығармалардағы басты кейіпкердің жанындағы жанама кейіпкерді әдебиеттану ғылымында трикстер деп атаймыз. Кейбір шығармаларды трикстер басты кейіпкер де болып табылады. Әр түрлі кезеңдердегі қоғамның әлеуметтік жағдайлары мен мәдени құндылықтарына байланысты көркем шығармалардағы трикстер бейнесі өзгеріп отырады. Бұл заңды құбылыс.

Бұл туралы әдебиеттанушы ғалымдар өздерінің еңбектерінде кеңінен қарастырған. Мысалы: Трикстер – жер бетіндегі барлық дерлік халықтардың ерте мифологиясындағы архаикалық кейіпкер. Бұл терминді ғылыми айналымға алғаш рет американдық антрополог Пол Радин енгізген. Ол трикстер архетипін виннебаго үндістерінің мифологиясын мәдениеттанулық тұрғыдан талдау негізінде зерттеген. «Трикстер отличается лукавством, хитроумием, коварством, жестокостью, способностью к трансформациям или перевоплощению. Он всегда одновременно творец и разрушитель, обманщик и жертва обмана. У него нет сознательных желаний, его поведение определяется инстинктами и импульсами. Он не знает ни добра, ни зла, хотя и несет ответственность и за то, и за другое» [2, с. 21], - деп ғалым П. Радин анықтама береді.

Ал, Ресейдегі трикстер құбылысының негізгі зерттеушілерінің бірі Д.А. Гаврилов: «Трикстер» ұғымы ағылшын тіліндегі «трик» түбірінен шыққан – трюк және сөзбе-сөз аударғанда: «алдамшы, айлакер, епті» [3, 1], - деген анықтаманы ұсынады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында 2024 жылы жарық көрген «XXI ғасыр әдебиеттану: терминдер сөздігі» кітабында алғаш рет трикстер сөзіне анықтама беріп, әдебиеттану ғылымының термині ретінде енгізілген: «Трикстер – (ағылш. trickster – өтірікші жылпос) – миф, фольклор мен әдебиеттегі әмбебап кейіпкерлердің бірі; шығармадағы қаһарманның қарсыласы – антипод сыңары. К. Юнктің аналитикалық психологиясына сәйкес трикстер – ұжымдық бейсаналық архетиптерінің бірі» [1, 242].

Танымал ғалымдардың бірқатар идеяларын кеңінен жинақтау К.Г. Юнгтің еңбектерінде жүзеге асырылған. Ол, атап айтқанда: «трикстер елесі» барлық дәуірлердің мифологияларында кездесетінін, оның «психологема», яғни өте көне архетиптік психологиялық құрылым екенін атап өтеді. Оның ең айқын көріністерінде трикстер толық дифференцияланбаған адам санасының дәл бейнесі ретінде көрініс табады, бұл сана деңгейі жануарлық деңгейден енді ғана көтерілген рухқа сәйкес келеді» [4, 343], - деп түсініктеме береді. Юнгтің тұжырымдауынша, трикстер «бір мезгілде әрі асқан адам, әрі толық қалыптаспаған адам, жануар және құдайлық болмыс» [5, 347]. Ол әлі де жануарлар әлемінен толық ажырамаған, дифференцияланбаған адам санасының бейнесі болып табылады және психиканың бұрынғы, әлі толық ұғынылмаған күйлерінің көрінісі ретінде қарастырылады. Мұндай архетиптердің сақталуы сананың эволюциясын айғақтайды, өйткені сана өз дамуының төменгі сатыларын пайымдауға қабілетті бола бастайды. Трикстер әрекеттерін әрдайым күлкімен қабылдау – сананың жоғары деңгейде дамуының белгісі. Бұл – өзін-өзі мазақ етудің де көрінісі. Юнг жанды энергетикалық жүйе ретінде қарастырып, оның тиімді жұмыс істеуі үшін қарама-қарсылықтардың өзара әрекеттесуі қажет екенін айтады. Трикстер, жанның қосарланған құрылымының көрінісі ретінде, осы қарама-қайшылықтардың арасындағы кернеуді сақтауға ықпал етеді. Ол жанға терапевтік, емдік әсерін тигізеді, оған өз

өткенін – интеллектуалдық және моральдық тұрғыдан төмен деңгейде болған күйін еске салуға мүмкіндік береді, әрі бұл үдеріс адамның саналы түрде ұғынуынан тәуелсіз жүзеге асады. Осылайша, Юнг бұл архетиптің әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпағанын негіздейді.

Академик С.А. Қасқабасов «...адамның жан түкпірінде жатқан, сондай-ақ мінез-құлқындағы, сырт пішініндегі кейбір қасиет-белгілер – біздің бабаларымыз өткен әр дәуірдегі, әр сипаттың көрінісі» [6] – дейді. Бұл – қазақ әдебиеттануындағы архетип ұғымының мазмұнын ашатын құнды пікірлердің бірі. Себебі, архетип – адамзаттың жүріп өткен жолының психикадағы ізі. Академик Д. Қамзабекұлы: «...кез келген халықтың ықылым замандардан бергі рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы – оның сөз өнері» [7] – дейді. Яғни, архетипті тек мифке ғана емес, сөз өнерінің барлық үлгілеріне талдау жасау арқылы анықтауға болады. Сөз өнерінің ішінде әсіресе проза жанрында архетиптік образдар анық көрінеді.

Қазақ әдебиеттануында «бөрі», «қасқыр», «жылқы», «тұлпар», «үйрек», «табиғат құбылыстары» секілді бейнелерді архетип ретінде қарастырған зерттеулер, соның ішінде докторлық диссертациялар аз емес. Бұл бағытта Н. Базылханұлы, Г. Балтабаева, С. Итеғұлова, А. Мәуленов, А. Мұқашева, А. Нүрпейісова, А. Көшекова, М. Иманғазин, Н. Сағындықов, Г. Жиенбаева сынды ғалымдар зерттеу жүргізген. Олардың еңбектерінде белгілі бір кейіпкердің әртүрлі шығармаларда қайталану ерекшеліктеріне сүйене отырып, оған архетиптік сипат беріледі. Қалай болғанда да, «қасқыр», «бөрі», «жылқы», «мыстан», «өгей шеше», «ханшайым», «ханзада» секілді кейіпкерлер К.Г. Юнг және оның ізбасарлары негіздеген басты архетиптерге сүйенеді. Жалпы әдебиетте, әсіресе қазіргі қазақ прозасында кез келген кейіпкер автордың идеясы мен жанрлық ерекшеліктеріне қарай өзгеріске ұшыраған архетиптің бір нұсқасы болып табылады. Алайда, бейнені архетип ретінде қарастыру үшін оның тек түрлі халықтардың

шығармаларында жиі қайталанатынына ғана емес, оның психологиялық маңызына да баса назар аудару қажет.

Ал, қазақ фольклоры мен әдебиетінде архетиптер ерекше орын алады. Мысалы: Батыр архетипі: «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр». Дана қарт: Қорқыт ата. Асан Қайғы. Ана архетип: Домалақ ана, Ұмай ана. Символдық архетиптер: Бәйтерек – өмір ағашы, ақ боз ат – еркіндік пен әділдік символы. Бұл архетиптер қазақ халқының ұлттық болмысын бейнелейді.

Бүгінгі таңда бұқаралық аудитория мен зерттеушілердің трикстер архетипіне деген қызығушылығы артып келеді. Трикстер бейнесі қазіргі әдебиетте, өнерде, танымал мәдениетте танымал және сұранысқа ие бола бастады. Интернетте мифтерден, әдебиеттен, өнерден жүзге жуық трикстер туралы ақпаратты қамтитын онлайн трикстер сөздігін жасауға әрекет жасалды. Көркем зиялы қауым мен философтардың трикстер фигурасына деген қызығушылығы кездейсоқ емес. Саясат пен қоғамдық өмірдің өзі бұл архетиптік модельді рефлексия мен көркемдік эксперимент үшін де өзекті болып табылады.

Әдебиеттегі трикстер – бұл фольклорда, әртүрлі мифологияда және діндерде кездесетін, қоғамдық нормалар мен ережелерге немесе салт-дәстүрге қайшы келетін әрекеттер жасайтын кейіпкер. Олар көркем шығармада құдай, рух, адам немесе жануар болып бейнеленеді.

Трикстерлердің негізгі сипаттамаларына мыналар жатады. Кесте 1.

Трикстерге тән қасиеттер	Негізгі сипаттамалары
Айлакерлік	Олар өз мақсаттарына жету үшін әртүрлі айла-амалдарға барады, алдап, қалжындап, кейде тіпті ұрлаққа дейін барады
Қақтығыс	Олар жиі қоғамдық тәртіпті бұзып, басқа кейіпкерлермен дау-дамайға түседі
Шығармашылық	Олар жаңа идеяларды тудырып, өзгерістерге ықпал етеді
Амбиваленттілік (екі жақтылық)	Олар бір мезгілде жақсылық пен жамандықтың қайнар көзі бола алады.

Әлем халықтарының мифологиясындағы трикстер. Мысалы: Локи (скандинав мифологиясы). Айлакер құдай, көбінесе жамандық жасаумен

байланыстырылады. Эрида (грек мифологиясы). Дау-жанжал мен бүліктің құдайы. Ананси (африкалық мифология). Өрмекші түрінде бейнеленетін құдай, айлакер.

Қазақ фольклорындағы трикстерлерге тоқталсақ. Қазақ фольклорында трикстердің образы әртүрлі кейіпкерлер арқылы беріледі. Мысалы: Қожанасыр - түрік халықтарының арасында кең тараған әзіл-сықақтың басты кейіпкері. Қожанасыр өзінің ақылдылығы мен айлакерлігімен танымал. Алдар Көсе - Орта Азия халықтарының фольклорындағы әзіл-сықақтың тағы бір кейіпкері. Алдар Көсе де өзінің ақылдылығы мен айлакерлігімен танымал т.б.

Трикстер фольклорда немесе мифологияда маңызды рөл атқарады. Мысалы: Қоғамдық нормалар мен ережелерді салыстыруға мүмкіндік береді, жаңа идеяларды тудырып, өзгерістерге ықпал етеді, адамның күрделі табиғатын бейнелейді, қоғамдық өмірдегі күлкілі жағдайларды әшкерелейді.

Жоғарыда аталған трикстердің негізгі сипаттарына кеңінен тоқталсақ. Айлакерлік – бұл адам табиғатының күрделі бір бөлігі. Ол бір жағынан жағымсыз қасиет болса, екінші жағынан адамның өмірде тіршілік етуіне көмектесетін жақсы қабілет.

Айлакерлік туралы қызықты деректерге тоқталайық: айлакерлік – бұл адамның өз мақсатына жету үшін әртүрлі амалдарға баруы, алдау, қиялдау арқылы іс тындыруы. Бұл қасиет көптеген фольклорлар мен көркем шығармаларда кездеседі. Айлакерліктің түрлері және көрінісіне мыналар жатады. Кесте 2.

Көрінісі	Түрлері
Күнделікті өмірде	Жұмыстағы кішігірім алдаулардан бастап, үлкен бизнестегі алаяқтыққа дейін.
Әдебиет пен өнерде	Көптеген әңгімелерде, романдарда, фильмдерде трикст бейнелер кездеседі. Олар көбінесе әзіл-сықақтың негізгі кейіпкерлері болып келеді.
Мифологияда	Трикстер деп аталатын мифологиялық кейіпкерлер әдетте айлакер болып келеді. Олар әлемді жаратуға немесе адамзатқа зиянын тигізеді және өмірлік тәжірибе жинауға беруге көмектеседі.

Айлакерліктің көптеген себептері бар, мысалы:

- Өзін-өзі қорғау: қиын жағдайдан шығу үшін адамдар айла-амалға барады;

- Мақсатқа жету: өз мақсатына жету үшін кез келген айланы пайдалануға дайын болады;

- Көңіл көтеру: кейбір адамдар айлакерлікпен басқаларды күлдіріп, көңіл көтеруді ұнатады.

Айлакерліктің екі жағы бар (оң және теріс):

- Оң жақтары: қоғамды дамытуға, қиын жағдайдан шығуға көмектеседі.

- Теріс жақтары: басқаларға зиян келтіруі, қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Қазақ фольклорында айлакерлік көбінесе әзіл-сықақтың негізін құрайды, қоғамның ащы шындығын әшкерелейді. Қожанасыр, Алдар Көсе сияқты кейіпкерлер өздерінің ақылдылығы мен айлакерлігімен танымал. Яғни, қазақ әдебиетіндегі трикстерге жатады.

Трикст бейнелердің көркем әдебиеттегі қызметі. Кесте 3.

Әлеуметтік сын	Трикстер арқылы әлеуметтік теңсіздік, адамдардың мінез-құлқы, билік басына отырғандардың әділетсіздігі сынға алынады
Көркемдік бейнелеу	Трикстер арқылы оқиғаның қызықты болуына жетелейді. Олардың әрекеттері оқиғаның дамуына серпін береді
Халықтың ой-пікірін білдіру	Трикстер арқылы халық өз ойын, пікірін, тілек-мұраттарын білдіреді.

Сонымен қазақ әдебиетіндегі айлакер кейіпкерлер тек қана әзіл-сықақтың нысаны емес, сонымен қатар терең мәні бар көркем бейнелер. Олар арқылы халық өз өмірін, қоғамдық құбылыстарды, адамның ішкі әлемін бейнелеп отырған.

Қорыта келгенде, трикстер – бұл әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінде, фольклорында, көптеген көркем шығармаларында кездесетін қызықты және күрделі кейіпкер. Олардың бейнесі арқылы адамның табиғаты, қоғамдық өмір және әлемнің құбылысы туралы көптеген мәселелерді түсінуге болады. Трикстер бейне көркем шығармаларда басты кейіпкердің жанындағы жанама кейіпкер де болып табылғандықтан, өткеннің ғана емес қазіргі мәдени құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді зерттеуге көмектеседі.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі/ Жауапты шығарушы, құрастырушылар: А.Қалиева, Г.Сәулембек. – Алматы: 2024.-296 б.
2. Радин П. Трикстер // Исследование мифов североамериканских индейцев с комментариями К.Г. Юнга и К.К. Кереньи. – СПб.: Евразия, 1999. – С. 265–286.
3. Гаврилов, Д.А. Трикстер. Лицедей в евроазиатском фольклоре / Д.А. Гаврилов Текст: электронный // Журнал «Самиздат»: [сайт]. URL: [http://samlib.ru/g/gawrilow\\_d\\_a/gavrilovd2012\\_27.shtml](http://samlib.ru/g/gawrilow_d_a/gavrilovd2012_27.shtml)
4. Юнг К.Г. Душа и миф. Шесть архетипов. Киев – Москва, 1997.
5. Юнг К.Г. О психологии образа Трикстера // Радин, П. (1999), Трикстер. Исследование мифов североамериканских индейцев с комментариями К.Г. Юнга и К.К. Кереньи. Санкт-Петербург, 1999.
6. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – Т. 2. – 344 б.
7. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік: монография. – Алматы: АРНА-Б, 2013. – 189 б.

**References:**

1. ННІ ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі/ Zhauapty shyғarushy, құrastyrushylar: A.Қalievа, G.Sәulembek. – Almaty: 2024.-296 b.
2. Radin P. Trikster // Issledovanie mifov severoamerikanskikh indejcev s kommentarijami K.G. Junga i K.K. Keren'i. – SPb.: Evrazija, 1999. – S. 265–286.
3. Gavrilov, D.A. Trikster. Licedej v evroaziatskom fol'klore / D.A. Gavrilov Tekst: jelektronnyj // Zhurnal «Samizdat»: [sajt]. URL: [http://samlib.ru/g/gawrilow\\_d\\_a/gavrilovd2012\\_27.shtml](http://samlib.ru/g/gawrilow_d_a/gavrilovd2012_27.shtml)
4. Jung K.G. Dusha i mif. Shest' arhetipov. Kiev – Moskva, 1997.
5. Jung K.G. O psihologii obraza Trikstera // Radin, P. (1999), Trikster. Issledovanie mifov severoamerikanskikh indejcev s kommentarijami K.G. Junga i K.K. Keren'i. Sankt-Peterburg, 1999.
6. Қасқабасов S. Таңдамалы. – Астана: Foliant, 2014. – Т. 2. – 344 b.
7. Қамзабекұлы D., Омарұлы B., Shәrip A. Ұlttyқ әdebiet zhәne дәstүrli mental'dik: monografija. – Almaty: ARNA-B, 2013. – 189 b.

**Автор туралы мәлімет**

**Төлебаева Құралай Токтаровна**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University»  
Пошталық мекен жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ.  
Ұялы телефоны: 87777860799  
e-mail: [tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru)

**Сведения об авторе**

**Төлебаева Құралай Токтаровна**

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University  
Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей  
Мобильный телефон: 87777860799  
e-mail [tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru)

**Information about the author:**

**Tulebaeva Kuralay Toktarovna**

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University  
Mailingaddress 071400, Republic of Kazakhstan, Semey  
Mobile phone: 87777860799  
e-mail: [tulebaeva82@mail.ru](mailto:tulebaeva82@mail.ru)